

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова
Academician E. A. Buketov Karaganda University

**Ғылым күніне арналған физика-техникалық факультеті студенттерінің «Ғылымға
алғашқы қадам» атты бірінші НеКонференциясының
МАТЕРИАЛДАРЫ
10 сәуір 2024 жыл**



**МАТЕРИАЛЫ
Первой НеКонференции студентов физико-технического факультета «Первые шаги к
науке» посвященной дню науки, 10 апреля 2024 год**

Организатор и редакционная коллегия
Сериков Т.М.

Ғылым күніне арналған физика-техникалық факультеті студенттерінің бірінші «Ғылымға алғашқы қадам» атты НеКонференциясы материалдары.– Қарағанды, 2024.–106 б.

Жинақта Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінде өткізген, Ғылым күніне арналған физика-техникалық факультеті студенттерінің «Ғылымға алғашқы қадам» атты бірінші НеКонференция қатысушыларының баяндамаларының материалдары жарияланады.

Конференция является частью учебного процесса по дисциплине «Основы научных исследований» и проводится для ознакомления обучающихся с формой проведения конференции!!!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Bizikova, L. A. (2009). Education in Kazakhstan: Pathways to development. *European Education*, 41(4), 30-43.
2. Zhangaliyeva, A. (2017). The choice of the future profession by students of higher educational institutions in Kazakhstan. *KazNU Bulletin of Philosophy and Social Sciences*, 5(87), 177-181.
3. Sadvakasova, L., & Moldazhanova, A. (2019). Analysis of the factors affecting the choice of a teaching profession by university students in Kazakhstan. *Journal of Education and Practice*, 10(35), 9-15.
4. Galymova, B. M., & Zhantayeva, G. A. (2016). Factors influencing students' choice of a teaching profession in Kazakhstan. *Middle-East Journal of Scientific Research*, 24(2), 442-448.
5. Kuzeyeva, A. N. (2018). Professional self-determination of students-potential teachers. *Electronic scientific journal "Psychology, Sociology, and Pedagogy"*, 3(27), 37-47.

Төлеубай Д.Ә., академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, физика-техникалық факультеті, ФО-22-1к тобы, студент

Ерлік Ә.Е., академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, физика-техникалық факультеті, ФиИ-22-1к тобы, студент

Сакенова Ж.К., академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, физика-техникалық факультеті, ФиИ-22-1к тобы, студент

Наурызбай А.Б., академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, физика-техникалық факультеті, ФЕ-22-1к тобы, студент

(Ғылыми жетекші-доктор PhD, қауымдастырылған профессор Сериков Т.М)

"ФИЗИКА-ТЕХНИКАЛЫҚ" ЖӘНЕ "МАТЕМАТИКА ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР" ФАКУЛЬТЕТТЕРІНДЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ БАКАЛАВР БІТІРГЕННЕН КЕЙІНГІ ЖОСПАРЛАРЫ

Студенттің алдына оқу бітірген соң жұмыс жасау, оқуды жалғастыру немесе басқа таңдау жасау қажет болады. Ол кезде жан жақты әсер етуші факторлар, алдын ала ойлаған болса жоспарларымен жүріп, өз ойларын іске асыратын болады. Солардың ішіндегі ең басты бағыттарын яғни жолдарды қарастырсақ.

Грантты мемлекет алдында өтеу - Парламент қабылдаған түзетулерге сәйкес грант алушыларға өз мамандығы бойынша мемлекеттік ұйымдарда кемінде үш жыл жұмыс істеуге тура келді. 2016 жылы «Білім туралы» Заңға мемлекеттік білім гранттары бойынша білім алған ЖОО түлектерін даярлауға қатысты өзгерістер енгізілді.

Шетелге оқуға түсу, ол дегеніміз магистратураны немесе екінші жоғарғы оқуды шетелде оқу, ол кезде грантты өтеу уақыты деп саналмайды, жалтарудың бір түрі болғанымен онында өтеуі болады.

Магистратура-бұл университеттік білімнің екінші деңгейі. Магистратурада даярлық жоғары білім беру базасында екі бағыт бойынша жүзеге асырылады. Олар: ғылыми-педагогикалық және бейінді. Ғылыми-педагогикалық бағыт бойынша магистратурада оқу бағдарламасы 2 жылға немесе 120 ECTS-ке есептелген. Алынған біліктілік бітіруші түлектерге жоғары оқу орындарында, ғылыми-зерттеу ұйымдарында жұмыс істеуге, оқытумен және зерттеу қызметімен айналысуға мүмкіндік береді.

Магистратура бағдарламалары қашықтықтан оқыту технологияларын пайдалана отырып, күндізгі форматта меңгеріледі. Магистратураның білім беру бағдарламасы

теориялық, практикалық және зерттеу дайындығынан тұрады. Оқу процесінде магистрант өзінің оқу траекториясын дербес қалыптастыруға, оқу пәндерін және магистрлік диссертацияның зерттеу бағытын таңдауға мүмкіндігі бар. Жетістіктері зор магистранттарға академиялық ұтқырлық бағдарламасына қатысуға және семестр бойы қазақстандық немесе шетелдік жоғары оқу орындарында оқуға мүмкіндік беріледі.

Магистратураға түсу-бұл жаңа мүмкіндіктер мен перспективалар ашатын қадам. 2023 жылы Қазақстандағы Магистратура-бұл сапалы білім алу, ғылыми зерттеулерге қатысу және одан әрі мансап үшін құнды тәжірибе алу мүмкіндігі.

Магистратура бойынша білім гранттары иегерлерінің тізімі жарияланды. Мемлекеттік гранттар Республикалық комиссия отырысының қорытындысы бойынша тағайындалды. Комиссия құрамында министрліктің, мүдделі мемлекеттік органдардың, білім саласы кәсіподақтарының, ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы және қоғамдық ұйым өкілдері болды. Білім беру гранттары кешенді тестілеу (КТ) нәтижелері бойынша конкурстық негізде тағайындалды.

Магистратура бойынша білім беру гранттарын тағайындау конкурсына ғылыми-педагогикалық бағыт бойынша 75 баллдан, бейіндік бағыт бойынша 50 баллдан жоғары жинаған оқуға түсушілер қатысты. Жалпы конкурсқа 1677 адам қатысты.

Болашақ магистранттардың ЖЖОКБҰ-на қабылдау 2023 жылғы 26 желтоқсан мен 2024 жылғы 10 қаңтар аралығында жүргізіледі. Грант саны 13 мыңнан асты.

- Физика педагогтерін даярлау бойынша-115 студент магистратураға түскен.
- Информатика педагогтерін даярлау бойынша-11 студент.
- Математика және статистика бойынша-70 студент.


Айта кетейік, магистратураға білім беру грантын тағайындау конкурсы 16-20 тамыз аралығында өтеді. Жалпы 2022-2023 оқу жылына магистратура бойынша 13 мыңнан астам грант бөлінді. Жалпы 2022-2023 оқу жылына магистратура бойынша 13 мыңнан астам грант бөлінді. Гранттардың ең көп саны педагогикалық мамандықтар үшін қарастырылған – 3642.

- Физика педагогтерін даярлау бойынша-7
- Информатика педагогтерін даярлау бойынша-7
- Математика және статистика бойынша-12

2022 жылғы және 2023 жылғы магистратураға түсуін салыстыратын болсақ, 2022 жылға қарағанда 2023 жылы статистика көбейген. Араларында көп грант иегерлері олар физика педагогтерін даярлау. Физика пәніне сұраныс жыл сайын артуда. Екінші сатыда математика және статистика, соңғы орында информатика педагогтерін даярлау.

Осы сұрақты кенінен қарастыру барысында сауалнама жүргіздік. Сауалнама алудағы критерийлерге тоқталып кетсек. Мақсаты: екі факультет студенттерінің жауаптарын салыстыра отырып және контент анализ арқылы бір ортақ статистика шығару. Міндеттері: контент анализ жасау, сауалнама, фото-видео талдау жасау.


Физика-техникалық факультет студенттерінің жауабы



Сауалнама нәтижесінде: қатысушылардың басым бөлігі 2 курс студенттері, оның 10-20%-ы 3-4 курс студенттері. ҚарУ түсу себептерінде екінші орында квота, одан соң балл төмен деген ой болғандықтан студенттер грант мәселесімен келгені көрініп тұр, бұл олардың осы өңірде қалады ма деген ойға алып келеді. Бакалавр дәрежесін бітіріп оқуын жалғастырып магистратураға түсем деген студенттер саны басым, кейін әскерге кету нұсқасын тандаған мүмкін грант өтеуінен жалтару деп қарастырсақ болады. Себебі, әскерден сон тек грант берілген жағдайда ғана оқуын жалғастырамын деген пайыз басым,

ол 16,7%. Қуантатын жайт студенттер тең жартысы өз мамандығын жақсы көргендігінен ол мамандық бойынша жұмыс жасаймыз деген ойда, осы жерде тек грант өтеуін жасайтын студенттер бастапқыда квота немесе баллы төмен деген оймен келген тарап болуы мүмкін. Көбінесе сұрақтарда мүмкін, ойлану барысындамын деген жауаптарда оған қоршаған адамдары қалай әсер ететініне байланысты ойының өзгеруін кіргізе аламыз. Егерде солай болса тең жартысы өз мамандығымен жұмысын жалғастырса, шешімін таппаған студент өз жолын жалғастыру мүмкіндігі жоғары. Университеттің жұмыспен қамту шаралары жайындағы ойда орташа деңгейде деген ортақ шешімі болып тұр, бірақта осыған толық ақпаратпен қамтамасыз етілмегендіктен болуы мүмкін, егер салыстырмалы түрде алып қарастырсақ, төмен деп санайтын тарапта аз емес. Соңғы сұрағымызда әсер етуші фактор ретінде өз жұмысының маңыздылығын белгілеген, яғни жүрегі-ойы тандаған бағытта жүретінің көрсетеді, әрине бұл тараптағы қосымша факторлар, яғни қоршаған ортасы, ата-ана.

Математика және ақпараттық технологиялар факультетінің студенттерінің жауабы





Сауалнама нәтижесінде: қатысушылардың басым бөлігі 2курс студенттері, оның 20-25%-ы 3-4курс студенттері. ҚарУ түсу себептерінде екінші орында квота, одан соң балл төмен деген ой болғандықтан студенттер грант мәселесімен келгені көрініп тұр, бұл олардың осы өңірде қалады ма деген ойға алып келеді. Бакалавр дәрежесін бітіргеннен кейін мемлекет алдында грантты өтеуді таңдаған студенттер саны басым, ол бізде 3жылды құрайды, одан соң магистратураға түсіп оқуын жалғастыру және әскерге бару. Себебі, әскерден соң тек грант берілген жағдайда ғана оқуын жалғастырамын деген пайыз басым, ол 38,5%. Мүмкін деушілер тарапы көп, бірақ олардың ойлары тез арада өзгеруі мүмкін. Көбінесе сұрақтарда мүмкін, ойлану барысындамын деген жауаптарда оған қоршаған адамдары қалай әсер ететініне байланысты ойының өзгеруін кіргізе аламыз. Егерде солай болса тең жартысы өз мамандығымен жұмысын жалғастырса, шешімін таппаған студент өз жолын жалғастыру мүмкіндігі жоғары. Университеттің жұмыспен қамту шаралары жайындағы ойда жоғары және орташа деңгей деп санайтын саны тең 34,4%, бұл деген жұмыспен қамтамасыздандыру жайлы жұмыстардың дұрыс жүргізілгенің көрсетеді. Соңғы сұрағымызда әсер етуші фактор ретінде өз жұмысының маңыздылығын белгілеген, яғни жүрегі-ойы таңдаған бағытта жүретінің көрсетеді, әрине бұл тараптағы қосымша факторлар, яғни қоршаған ортасы, ата-ана. Алайда екінші санатта ата-ана ықпалы немесе қысымы тұр.

Осы жерде екі факультет жауаптарының қорытындысын салыстыратын болсақ 2ші сауалнамада университет тарапынан жұмыспен қамтамасыздандыру жайлы ойлары оң және зерттелген сала екендігі көрінеді, екі сауалнамада да өз жұмысын оқу оқып бітірген соң немесе грантты өтеген соң өтейтіні жазылған, 1ші сауалнама студенттері көбісі қала тұрғындары болып түскен болса, 2ші сауалнамада квота арқылы соны тандап түскені көрінеді, шетелге ұсыну 2ші сауалнамада көрінеді, бастысы екеуіне ортақ ой ол өз мамандығына өз қалауымен түсіп ол жұмысты алып кететін көрсеткіштер көрсетті.

Университеттің жұмыспен қамтамасыз етуі жайлы нақты ақпаратпен танысайық[2]. 3жыл аралығын салыстыратын боламыз 2021ж-2023ж.

2023жыл	2022жыл	2021жыл
<p>Физика (образование) - 58011000 Б010 - Подготовка учителей физики 6801503 Физика Қарағандинский университет имени академика Е.А.Букетова Қарағандинская область</p> <p>Итого по карьерным перспективам выпускников (анализ трудоустройства и заработной платы) 2.10</p> <p>Итого по экспертной оценке 0.38</p> <p>Итого по статистическим данным и достижения обучающихся 0.74</p> <p>Итого общее 3.21</p> <p>Медианная заработная плата (в тенге) 175000.00</p> <p>Уровень трудоустройства (в %) 94%</p> <p>Продолжительность поиска работы (в месяцах) 2.90</p>	<p>Физика (образование) - 58011000 Б010 - Подготовка учителей физики 6801503 Физика Қарағандинский университет имени академика Е.А.Букетова Қарағандинская область</p> <p>Итого по карьерным перспективам выпускников (анализ трудоустройства и заработной платы) 2.10</p> <p>Итого по экспертной оценке 0.38</p> <p>Итого по статистическим данным и достижения обучающихся 0.74</p> <p>Итого общее 3.21</p> <p>Медианная заработная плата (в тенге) 175000.00</p> <p>Уровень трудоустройства (в %) 94%</p> <p>Продолжительность поиска работы (в месяцах) 2.90</p>	<p>Физика-Информатика (образование) - Б010 - Подготовка учителей физики 6801504 Физика-информатика Қарағандинский университет имени академика Е.А.Букетова Қарағандинская область</p> <p>Итого по карьерным перспективам выпускников (анализ трудоустройства и заработной платы) 2.32</p> <p>Итого по экспертной оценке 0.41</p> <p>Итого по статистическим данным и достижения обучающихся 0.52</p> <p>Итого общее 3.25</p> <p>Медианная заработная плата (в тенге) 244149.00</p> <p>Уровень трудоустройства (в %) 100%</p> <p>Продолжительность поиска работы (в месяцах) 1.80</p>

Статистикаға сүйенсек жұмысқа тұрғызу деңгейі 90%-дан әрдайым жоғары болған, бір қалыпты деңгейде ұстап отыр деп айта аламыз, 2022жыл және 2023жылы нәтижелері тең. Осы кезде басқа университеттермен салыстырғанда пайыздық мөлшері жоғары екенің көреміз, сауалнама нәтижесіндегі университет тарапынан жұмыспен қамтудағы оң ойлар дәлелденді. Осы дәрежені ұстап тұру кепілі ретінде, практика уақытындағы оқу мекемелерімен келісім шарттардың бар екендігі ықпалын тигізеді.

2023жыл	2022жыл	2021жыл
<p>Математика (образование) - Б009 - Подготовка учителей математики 6801501 Математика Қарағандинский университет имени академика Е.А.Букетова Қарағандинская область</p> <p>Итого по карьерным перспективам выпускников (анализ трудоустройства и заработной платы) 2.30</p> <p>Итого по экспертной оценке 0.42</p> <p>Итого по статистическим данным и достижения обучающихся 0.77</p> <p>Итого общее 3.49</p> <p>Медианная заработная плата (в тенге) 251240.00</p> <p>Уровень трудоустройства (в %) 100%</p> <p>Продолжительность поиска работы (в месяцах) 1.80</p>	<p>Математика (образование) Б009 - Подготовка учителей математики Математика (образование) Қарағандинский университет имени академика Е.А.Букетова Қарағандинская область</p> <p>Итого по карьерным перспективам выпускников (анализ трудоустройства и заработной платы) 2.44</p> <p>Итого по экспертной оценке 0.37</p> <p>Итого по статистическим данным и достижения обучающихся 0.63</p> <p>Итого общее 3.44</p> <p>Медианная заработная плата (в тенге) 278939.89</p> <p>Уровень трудоустройства (в %) 100%</p> <p>Продолжительность поиска работы (в месяцах) 2.53</p>	<p>Математика (образование) Б009 - Подготовка учителей математики Математика (образование) Қарағандинский университет имени академика Е.А.Букетова Қарағандинская область</p> <p>Итого по карьерным перспективам выпускников (анализ трудоустройства и заработной платы) 2.31</p> <p>Итого по экспертной оценке 0.61</p> <p>Итого по статистическим данным и достижения обучающихся 0.57</p> <p>Итого общее 3.49</p> <p>Медианная заработная плата (в тенге) 279 314</p> <p>Уровень трудоустройства (в %) 86%</p> <p>Продолжительность поиска работы (в месяцах) 1.67</p>

Бұл жерде жыл санап жұмысқа орналастыру деңгейінің артқаның және жұмыс іздеп, тұру уақытының азайғаның көреміз, 2 есеге жуық уақытқа қысқартылған.

Осы статистиканың барлығы университет тарапынан өз студенттерін жұмыспен қамтуға деген қадамдары мен нәтижесін көрсетеді. Осыны ала отыра түсуші-бітіруші түлектердің жартысынан көп бөлігі жұмыспен қамту саласын орта деңгейден жоғары бағалайтының статистика нәтижесінде нақты көре аламыз.

Сауалнама жүргізу арқылы біз осындай қорытындыға келдік. Біздің студенттеріміз жоғары оқу орының аяқтап өзінің болашағына қойған жоспарларына басым көпшілігі өзінің мамандығының маңыздылығын белгілеген болатын. Осыдан студенттердің басым бөлігі мамандығын толық түсіне отыра түскенің және осы жолды ары қарай жалғастыратынын көреміз. Әрине таңдауға бізде қоршаған орта, ата-ата, отбасы, достар тарапынан ықпал болатыны сөзсіз. Егерде сауалнама сұрақтарының бастыларына тоқтала отыра қортатын болсақ:

Мамандығына деген қызығушылықпен: болашағын өз мамандығынан көре отыра және оқушымен ғана емес студенттермен де жұмыс жасауды жоғары қойғандықтан.

Даму үшін: өзінің мамандығын толық меңгеру үшін, өзінің біліктілігін артыру үшін. Шетелге түсу пунктін қарастырсақ 10-20% сауалнамаға қатысушылар өздерінің манадықтарын шет елдерде жалғастыру жоспарлаған, олар шет елдік білім ерекшелігімен ұштаса отырып елімізге жаңашылдық әкелетіні сөзсіз.

Қоғам ықпалы: жұмыс орынға алған кез, оқу бітірген кезде Магистр деңгейі бар болуы адамдардың еңбек саласында және ақысыда жоғары болуына кепілдік береді. Оны бәсекелестікке дайын орта ретінде қарастырсақ болады, деңгей жоғары болуы болашақ ұрпақтың білім саласына орасан зор үлес қосатының көрсетеді.

Қиындықтар ықпалы: әскерді алып қарастырсақ, оқу немесе жұмыс болмаса орындалатын шарт болып есептеледі. Осы тарапта магистратура және басқада шешімдер студенттер тарапынан қарастырылатын болады. Әскерге бару жайлы ойда орта есеппен 6-7% құрап тұр, оның ішінде бізде гранттың әскерден оралған сон берілетіні ықпал етті.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар <https://stat.gov.kz/>

2. Atameken kz https://atameken.kz/ru/university_ratings

3. Taldau stat <https://taldau.stat.gov.kz/>

4. Buketov.edu.kz <https://buketov.edu.kz/kz/page/faculty/faculty-fiz>

5. edu.kz <http://www.gov.kz/>

6. Univision.kz <https://univision.kz/granty/>

7. Www.memleket <https://www.gov.kz/memleket/>

Абдиразакова Ж.К., академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, физика-техникалық факультеті, ФиИ-22-1к тобы, студент

Қазытай Ж.А., академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, физика-техникалық факультеті, ФО-22-1к тобы, студент

Рамазанова М.Х., академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, физика-техникалық факультеті, ФЕ-22-2к тобы, студент

Төлеутаева М.Е., академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, физика-техникалық факультеті, ФО-22-1к тобы, студент

(Ғылыми жетекшісі- доктор PhD, қауымдастырылған профессор Сериков Т.М)

ФИЗИКА-ТЕХНИКАЛЫҚ ФАКУЛЬТЕТІНІҢ СТУДЕНТТЕРІНІҢ БІР АЙЛЫҚ ОРТАША ШЫҒЫНЫ

Қазіргі қоғамда ақша, ақша қатынастары, бюджетті басқару, тұтынушылық мінез-құлық зерттеудің негізгі және өзекті тақырыптарының біріне айналуға. Сондықтан жақында адамдардың ақшаға деген көзқарасын зерттеу, бюджетті қалыптастыру ерекшеліктерін зерттеу, тұтынушылық мінез-құлықтың негізгі стратегиялары және тағы басқалар танымал бола бастады. Жас ұрпақтың ақшаға деген көзқарасы, студенттердің бюджетін басқару ерекшеліктері ерекше қызықты. Өйткені, мәселе көбінесе студенттерге қажетті тауарлар мен қажеттіліктерге ақша жетіспейді, тіпті егер олар болса да, олар қисынсыз жұмсалады.

Бұл жұмыстың мақсаты - академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, физика-техникалық факультетінің студенттерінің бір айлық орташа шығынын анықтау.

Оқу нысаны – студенттер.

Мақсаттарға жету үшін келесі міндеттер қойылды:

- Қазіргі студенттің бюджеті дегеніміз не, оның құрамдас бөліктері.
- Студенттердің кіріс көздері мен шығыстарын бақылау.
- Студенттерге сауалнама жүргізу.
- Сауалнама негізінде шығындар кестесін құру бойынша кеңестер беріңіз.

МАЗМҰНЫ/СОДЕРЖАНИЕ

Оразбай Е.К., Пазылхан Р.Б., Асылбеков Н.Д., Зекен Р. Кибералаяқтар.....	6
Аметова Д.Б., Иманов Д.Е., Алтаева А.Б., Сағидулла А.Б. Суицид среди студентов в Республике Казахстан.....	11
Бекенова.Г.К., Жалғасбаева.Ж.С., Серікжан А., Сапарова А.Б. Студенттердің жатақхана мен пәтер арасындағы таңдауы.....	17
Иманмұса Н., Әбдісерік М., Насұрлла Д., Жарова Ж. «Серпін» бағдарламасымен білім алушы студенттердің адаптация проблемалары.....	22
Саттыбай А.С., Әсілбек А.Н., Рахадыл Ә.А., Нарбева А.И., Жастардың әлеуметтік желіде уақыт өткізу статистикасы.....	26
Турысбеков А.М., Жұмаділлә Ж.Е., Орынбасар А.Т. Қазақ контенті-қоғам айнасы.....	30
Махметов М.Н, Маматова Д.Г., Женисбай А.Е., Байысова А.Б. Отношение студентов к проблеме окружающей среды.....	44
Апендина А.Қ., Нурболат Ж., Еркінбай А.Н., Орынбасар Н.Н., Қарағанды қаласының артықшылықтары мен кемшіліктері.....	49
Алшатова А.Н., Балташ Қ.Б., Турмаханова Б.К., Уалханова Ш.М. Қазақстан қалаларындағы адамдардың негізгі болмысы.....	54
Сардарова А.Ж., Файзуллаева Ж.Қ., Әскер Б.А., Амангелді А.Ж. Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің студенттері таңдаған мамандығы бойынша мәселелері.....	58
Акылбекова Н.Ж., Мейрханова Т.Қ., Аюев Е.Ж., Әбдіхалық Н.Т. Физика және нанотехнология кафедрасы студенттерінің жалғыздық деңгейі.....	64
Ергеш Б.Б, Аманкелді А.С. Қайыржан А.Қ, Илесбай Л.Қ, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің студенттер үйінде туындаған мәселелер.....	70
Сатымжан Д.Р., Назарбаева Д.Н., Кошкинбай А.А., Ербол.А. Қазіргі студенттердің ұялы телефондарына сараптама. Ұялы телефонға студенттердің қатынасы.....	75
Қалаби Н.Б., Батырша Ф., Нуркина А.Б., Студент және жұмыс.....	79
Шмидт А., Қалдыбаева С.Ж., Зделеу Д.Е., Кумисбекова А.Т. Педагогикалық мамандыққа түсуге әсер ететін факторлар.....	81
Төлеубай Д.Ә., Ерлік Ә.Е., Сакенова Ж.К., Наурызбай А.Б. "Физика-техникалық" және "Математика және ақпараттық технологиялар" факультеттерінде студенттердің бакалавр бітіргеннен кейінгі жоспарлары.....	86
Абдиразакова Ж.К., Қазытай Ж.А., Рамазанова М.Х., Төлеутаева М.Е, Физика-техникалық факультетінің студенттерінің бір айлық орташа шығыны.....	92
Смағұл Т.Е., Ғанижан М., Мәжит Н.Н., Динахан Д. Студенттердің бос уақытын қалай тиімді өткізетінін анықтау.....	98
Итенов Д., Алмасқызы С., Бек Б. Қазіргі жастардың театр өнеріне деген көзқарасы және қызығушылығының деңгейі.....	104